



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

устойчивые страхи препятствуют развитию личности ребёнка, сковывают творческую энергию, способствуют формированию неуверенности и повышенной тревожности.

2. Страхи неизбежно сопровождают развитие ребенка и появление различных эмоциональных нарушений, психологических проблем связано с рядом неблагоприятных событий, произошедших в детстве.

3. Профилактика страхов состоит, прежде всего, в воспитании таких качеств, как оптимизм, уверенность в себе, самостоятельность. Ребенок должен знать то, что ему положено знать по возрасту, о реальных опасностях и угрозах, и относиться к этому адекватно. Существующие способы снижения и контроля страха основываются, прежде всего, на теории научения.

4. Коррекция страхов осуществляется посредством игротерапии, сказкотерапии, арттерапии, индивидуально-групповых занятий, улучшения детско-родительских отношений.

5. Рисование используют в коррекционных целях. Рисуя, ребенок дает выход своим чувствам и переживаниям, желаниям и мечтам, перестраивает свои отношения в различных ситуациях и безболезненно соприкасается с некоторыми пугающими, неприятными и травмирующими образами.

6. Важность активной коррекционной работы с детскими страхами обусловлена тем, что сам по себе страх способен оказывать патогенное влияние на развитие различных сфер личности ребёнка.

#### **Список использованных источников**

1. Божович Л.И. Избр. психол. труды. Проблемы формирования личности /Под ред. Д.И. Фельдштейна.- М.: АСТ, 1995.
2. Выготский Л.С. Детская психология // Собр. Соч. – М., 1982. – т.4 – 336 с.
4. Варга А.Я. Системная семейная психотерапия. Краткий лекционный курс.- СПб.: Питер, 2001.- 278с.
5. Варга А.Я. Психологическая коррекция нарушений общения младших школьников в игровой группе // Семья в психологической консультации / Под ред. А.А. Бодалева, В.В. Столина. М., 1998.- 152с.

ӘОЖ 159.9

### **БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Дуйсенова Аида Бақытжановна**

*Kunanbaeva\_az@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Психология» мамандығының 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Ж.Кунанбаева

Қазақстандағы жоғары білімнің жүйесін жаңашаландырудың бүгінгі стратегиялық міндеттерінің бірі, ол ұлттық білім беру жүйесіндегі жетістіктерді сақтай отырып, оны әлемдік білім берудің ең озық үлгісімен сәйкестендіруге негізделеді. Қазақстанның әлемдік және еуропалық білім беру кеңістігіне енуін Еуропалық кредиттік-трансферлік жүйені (ЕСТ?) қолға алғандығымен тікелей байланыстырамыз.

Кредиттік оқыту жүйесі – студенттердің жоғары оқу орыны қабырғасында білім алуын жеке жоспарлауына беріліп отырған мүмкіндік. Ол білім берудің демократиялығымен сипатталып, әр студенттің жеке ерекшелігі мен қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Жаңа жүйенің басты ерекшелігі – студенттердің білім кеңістігін қалыптастыру еркіндігі, яғни, жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарттарының мамандар дайындаудың сапасына

қоятын талаптарға сәйкес, білім алудағы өзінің ерекшелігі мен қалауына сай қалыптастыра алады [1].

Бейімделу процесінде екі кезеңді биологиялық және психологиялық - деп бөлу қабылданған. Біріншісі ағзаның белгілі бір тіршілік ортадағы тұрақты және өзгермелі шарттарға бейімделуі болса, екінші психологиялық аспект - жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу, тұлғааралық байланыстар мен қатынастар жүйесіне қосылу, жаңа әлеуметтік рөлдерді, мінез-құлық нормаларын, топтың норма және құндылықтарын меңгеру, өзін кәсіби ортаға теңестіру. ЖОО бірінші курс студенттерінің бейімделулерінің көпдеңгейлі құрылымы оқытудың кредиттік жүйесіне икемделуінің көрсеткіштерін бақылауға мүмкіндік береді.

«Адаптация» («adaptation» - бейімделу) термині бастапқыда биологиялық ғылымда жануар әлеміндегі индивидтің бейімделгіш мінез-құлқының механизмі мен феноменін, әртүрлі тіршілік формаларының эволюциясын сипаттауға кеңінен қолданылған. Ғылымға бұл терминді неміс физиологы Г. Ауберт енгізіп, оған «сыртқы қоздырғыш қызметіне байланысты тері анализаторларының сезімталдығының өзгеруі (бейімделгіш сипатта)», - деп анықтама берді [2].

Бірқатар авторлар адаптация феноменін сыртқы орта факторларының әсерін ескере отырып, индивид, қажетті функционалды жағдайын сақтай отырып, тіршіліктің және өмір сүру әрекетінің жаңа жағдайларына бейімделуі үшін арналған психофизиологиялық сипаттамаларының қайта құрылу процесі ретінде қарастырады. Сонымен қатар, С.И.Степанова адаптацияны адамның тіршілік ету ортасының жағымсыз жағдайларына бейімделуі деп қарастыра отыра, адаптация феномені мен оның ритмикалық негізінің басты қарама-қайшылықтарын атап өтті: «Нақтылы адаптация – ол өзгеру мен сақталу, динамика мен статика арасындағы үздіксіз шешілім, басқаша айтқанда, адаптациялық процестің басты қарама-қайшылығы кез келген қозғалыстың негізгі қайшылықтарын көрсетеді» [3].

Тарихи-психологиялық тұрғыда адаптация мәселесі барлық негізгі психологиялық мектептер мен бағыттары тұрғысынан қарастырылуы мүмкін. Психоаналитикалық бағыт аясында (S.Freud, E.Erikson, L.Berkowitz) әлеуметтік адаптация тұлғаның орта талаптарына сай гомеостатикалық тепе-теңдігінің нәтижесі деп қарастырылады.

3. Фрейдтің ойынша, адаптация - тұлғаны невроздан қорғай отырып, жағымды сипатқа ие. Ол бір-біріне қарама-қарсы бағытталған жүйеастылардан құралған, тұлға «психологиялық қорғаныс» көмегімен невроздан сақтану мақсатында қоршаған ортаға бейімделе отырып, әрдайым олардың бірлігіне талпынады деп тұжырымдайды. Қорғаныс механизмдері тұлғаны қоршаған ортамен «жарастыра» отырып, невроздың босауына әкеледі, алайда сол сәтте олардың кейбірі дамуды тежей отырып, жағымсыз сипатқа ие болады.

Э. Фромм тұлғаның дамуы «барлығы сияқты болу» талпынысы мен «өз бетінше болу» талпынысы арасындағы күрес ретінде қарастырады. Осыдан, дезадаптация шарасыз дамуы мүмкін: егер коллективизмге талпыныс басым болса, онда ішкі психологиялық дезадаптация пайда болады, басқа жағдайда әлеуметтік адаптация дамуы мүмкін. Фромм бойынша адаптация ішкі жан дүниені үйлестіре алатын махаббат көмегімен мүмкін болады.

К.Г. Юнг адаптацияны қорғаныстың анайы механизмі, «күрестен арылудың» өзіндік бір жолы деп санайды, сондықтан адаптация кезінде сананың төменірек деңгейіне көшу байқалады.

А. Адлер адамның мінез-құлқын әлеуметтік мағынада қарастырады, сондықтан әлеуметтік адаптация мәселесін ерекше бөледі. Оның ойынша, әлеуметтік қызығушылық адамның оған дейінгі ұрпағының белсенділігінің нәтижесі болып табылатын әлеуметтік ортасына бейімделуге итермелейді. Оған қоса, әр ұрпақ сайын басымырақ адам өз ортасын өзі қалыптастырады. Қоғамның құрылымдық-функционалды сипаты, онда болып жатқан процестер, адамның социумдағы орны адаптация мүмкіндігін анықтайды, және тұлға дамуына әсер етеді. Қоғам білім беру мен тәрбиенің көмегімен адаптацияны басым ықтималдылығымен қамтамасыз ете алатын мінез-құлық формаларын іріктейді. Адлер өзара

әлеуметтік қарым-қатынасқа түсудің туа біткен қабілеті, жалпылық сезім мен адам және қоғам арасындағы жасанды конфликт жайлы айтады.

Эриксон Э. адаптация процесін келесі формуламен сипаттайды: қайшылық – үрей – индивидтің ортадағы қорғаныш реакциясы – үйлесімді тепе-теңдік немесе конфликт.

Хорни К. бойынша, адам өмірге келгенде онда туа біткен уайым сезімімен байланысты аталмыш бастапқы конфликт пайда болады. Бастапқы конфликтін шешу үшін тұлға оны сыртқы жағдаятқа «проекциялайды», осылайша, негізінен, бейімделеді.

Гартманн Г. «конфликтіден дербес Эго аясы» терминін енгізді. Ол термин әр берілген минут сайын психикалық конфликт аясына әсер ететін және шындық алдындағы қорқыныш, «қалыпты» дамуға жатқызатын көлемде қорғаныш процесі, қарсыласу, қорғаныш процесінің инстинктивті әуестік мақсатының ауысуына қосқан үлесі және т.б. сияқты құбылыстарды қосатын қызметтер жиынтығын белгілеуге арналған. Г. Гартманн теориясына сәйкес адаптация конфликтілі жағдаймен байланысты процестермен қатар, конфликтіден дербес Эго аясына жататын процестерді де қамтиды. Ғалымның айтуы бойынша, белгілі интеллектуалды процесс қорғаныш рөлін ойнайды, алайда ол берілген процестің басқа қызметі немесе рөлінде бола алмайды дегенді білдірмейді. Сыртқы шындыққа бағытталған процесс тұлғаның адаптациясына ықпалдасуы мүмкін. Ол тұлға адаптациясы процесс ретінде түсінігі мен берілген процесс нәтижесі ретіндегі тұлға адаптациясы түсінігін ұштастырады. Осы теорияда бейімдеушіліктің белгілері болып өнімділік, өмірден ләззат алу қабілеті және психикалық тепе-теңдік саналады. Бейімделу процесінде тұлға ғана емес, сонымен қатар орта да белсенді өзгеріске ұшырайды. Осыдан шыға келе, адаптация процесінің екі жақты бағыттылығы туралы айтуға болады: өзіне және қоршаған ортаға.

Гартманн Г. адаптацияның келесідей түрлерін ажыратады:

- Аллопластикалық адаптация адам өз қажеттіліктеріне байланысты жасайтын сыртқы ортадағы өзгерістермен қоса жүреді;
- Аутопластикалық адаптация қоршаған ортаға бейімделуіне көмектесетін тұлғаның өзгерісін (құрылымын, қабілеттерін, дағдысын және т.б.) қамтамасыз етеді;
- Индивидтің организмнің дұрыс қызметін атқаруға қолайлы ортасын іздеуі.

Біздің көзқарасымыз бойынша Гартманның енгізген «әлеуметтік ергіштік» түсінігі қоғамның индивидтің алдынан шығуын білдіре отырып, оның мінез-құлық нормасындағы «қолайсызын» қабылдайды. Оған қоса, осы ергіштік халықтың әр түрлі категорияларына (балаларға, невроз, психоз ауруымен ауратын науқастарға және т.б.) қоғаммен ұсынылған қанағаттандыру мен даму мүмкіндіктеріне сараланған және олармен тығыз байланысқан. Осыдан шыға келе, ғалымның ойы бойынша, адаптация процесі көп қабатты болып саналады.

Психоаналитикалық көзқарасқа Г. Сельенің адаптация – организмнің стресстік ықпалға жауап болып табылатын концепциясын жақын деп санауға болады. Бұнда стресс адаптациялық синдромның қосушы механизмі деп қарастырылады және ол 3 деңгейден тұрады:

1. Үрей (қорқыныш) деңгейі;
2. Резистенттілік деңгейі (қарсылық);
3. Адаптация немесе теріс жағдайда – таусылу және ең ауыры – қазалы (өліммен аяқталатын) деңгей.

Сол ретте, ғалым осы процестің үздіксіздігін, ағза тіршілігінің барысында қажеттіліктердің минималдылығын атайды: «толық босансу кезінде де ұйықтап жатқан адам қайсыбір стрессті сезінеді: стресстен толық дербестік өлімді білдіреді».

Бихевиористік психологияның ортақ парадигмасына сай адаптация концепциясының ошағы – жүріс-тұрыс актілерінің спектрі, дезадаптациялық факторларды жоюға, қоршаған ортаға толық бейімделуге мүмкіндік беретін жүріс-тұрысты орнатуға бағытталған олардың өзара байланысқан конфигурациялары (кескіндеме) болып табылады. Бихевиористік бағытта осы мәселеге дәстүрлі түрде үлкен назар аударылады. Соның ішінде, Б.Ф. Скиннер адаптациялық жүріс-тұрысты стимул немесе ситуациямен емес, өз бетінше кенеттен

орындалатын бейімдеушілік реакциясының ретті және мақсатты бағытталған тіреушісінен көрініс табатынын айтты.

Бихевиористер адаптацияны табиғи мен әлеуметтік арасындағы үйлесімділік деп түсінеді, бұнда бір жағынан, индивидтің қажеттілігі, екінші жағынан орта талаптары толығымен қанағаттандырылған, және осы үйлесімділікке қол жеткізуге ықпалдасатын процесс болу керек. Адаптация процесс ретінде берілген жағдайға байланысты әрекеттерді (реакция, жауап) қолданудан пайда болатын орта өзгерісі мен ағзадағы өзгерістермен байланысты. Ол өзгерістер биологиялық сипатқа ие. Негізінде, бихевиористік көзқарас адамдар мен жануарлар арасындағы адаптация арасында нақты шекараны белгілемейді.

«Әлеуметтік адаптация» бихевиоризмде индивид немесе топ әлеуметтік тепе-теңдікке қол жеткізетін, яғни ортамен конфліктің болмауы, уайымның болмауы процесін белгілеуге қолданылады».

Г. Олпорт адаптацияны мінез-құлық аясында қарастырып, адамның кез-келген реакциясында екі компонентін ажыратады: бейімдеуші және экспрессивті. Бейімдеуші компоненті ситуацияны, мінез-құлықтық актінің функционалды құндылығын, оның эффективтілігі мен нәтижесін меңгерумен байланысты. Экспрессивті компоненті актіні орындаудың стилі мен мәнеріне қатысты. Ғалымның ойынша, барлық бейімдеушілік актілер индивидуалды және олар әр түрлі комбинаторикасына ие. Осылайша, Олпорт тұлғаның индивидуалды ерекшеліктерінің тұлғалық компоненттердің әсерін ерекше айтып өткен, ал органикалық күйдің әлеуметтік-мәдени нақты факторлары жоққа шығарылады.

Гуманистік бағыттың өкілдері (G.Allport, A.Maslow, C.Rodgers, V.Frankl) адаптацияның мақсатын позитивті рухани саулыққа қол жеткізу және тұлға құндылықтарының қоршаған орта құндылықтарымен сай келуі деп біледі. Оған қоса, адаптацияланушы индивидтің нақты бір қажетті жеке қасиеттерінің дамуы болжанады. Осы жерде тұлға мен ортаның оптималды динамикалық ара-қатынасы туралы ой ерекшелінеді. Адаптация процесі келесі формуламен сипатталады: конфликт – фрустрация – бейімделу. Конфликт шынайылықтың барлық тұлға қажеттіліктерімен келіспей қалғаны кезде емес, тек басты қажеттіліктер фрустрацияға ұшыраған кезде пайда болады, осыдан шыға келе, адаптацияның басты талабы тұлға мен ортаның интеграциялану дәрежесі болып табылады.

Тұлғалық адаптация теориясының дамуына үлкен үлес қосқан А. Маслоу болып табылады. Маслоудың теориясы бойынша, толық бейімделу дегеніміз- өзін-өзі жетілдірудегі қалыптасқан қажеттілік, яғни өзіміздің тәжірибемізде ұмтылатын нәрсе.

К. Роджерс барлық адам белгілі бір ұмтылысқа ие және тұлғалық өзін-өзі жетілдіруге қабілеті болады деп санайды. Автордың ойы бойынша, адамның өмірімен және өз-өзімен қанағаттану деңгейі оның «шынайы Мені» мен «идеалды Мені»-нің үйлесуіне байланысты. Ол адаптация механизмін өзін-өзі жетілдірудің маңызды талабы ретінде санайды. Осылайша, гуманистік психология аясында адаптация процесі – ол тұлға мен қоршаған ортаның үйлесімді байланысы және бейімдеушіліктің негізгі талабы – олардың интеграциялануының сәттілігінің деңгейі, сол кезекте биологиялық компоненттері аса есепке алынбайды.

Когнитивті психология өкілдері адаптация процесін гуманистік психологияның өкілдері сияқты келесі формуламен қарастырады: шиелініс-қауіп-бейімделу реакциясы. Алайда бұл формуланың ішкі құрылымы өзгеше. Бұл жағдайда қосушы механизм болып – когнитивті диссонанс табылады, ол жайсыздық пен қауіп күйі ретінде бастан кешіріледі.

Интеракционистік концепцияға сай адаптацияның барлық түрлері ішкі психикалық факторлармен қатар, қоршаған ортамен байланысты факторлармен де негізделген. Интеракционистер «тұлға адаптациясының тиімділігі» түсінігін ерекше атап айтады. Осы түсінікпен олар қоғамның минималды талаптары мен күтілімін қанағаттандыратын адаптацияны анықтайды.

Р. Phillips бойынша бейімделгендік орта ықпалына жауаптың екі түрімен сипатталады:

1. Өзінің жас және жыныстық ерекшелігіне байланысты барлығы кездестіретін әлеуметтік күтілімге тиімді жауап;

2. Жаңа қауіпті жағдайлармен кездескен кездегі икемділік пен тиімділік, сонымен қатар жағдайға тұлғаның өзіне тиімді бағытты қосу.

Соңғы кездері психологиялық адаптация процесінің эволюциялы түсінігі байқалуда және ол келесі тенденциялармен белгіленеді: бейімделу (adjustment) мен адаптация (adaptation) түсініктері арасында айырмашылық ұлғаюда; тұлға мен ортаның жемісті қарым-қатынасының тұрақты жүйесіне енjarлы бейімделуден және гомеостатикалық тепе-теңдіктен арылу, конфліктің болмауы, тұлғаның нақты ортада өзін-өзі жетілдіруі мен актуализациясы (К.А. Абульханова-Славская, Г.А. Балл, Б.Д. Парыгин, А.А. Реан, А.А. Началджян) [4].

Ал Борисенко Л.Л. бірінші курс студенттерінің оқу процесіндегі жаңа жағдайларға бейімделулерінің келесі ерекшеліктерін бөліп көрсетті: іс-әрекеттің жаңа жүйесіне ену, ол өз кезегінде алдыңғы өмір кезеңінің барлығынан бірқатар принципіалды ерекшеліктерімен сипатталады, әрекеттің жаңа алгоритмдерін қамту қажеттілігі, репродуктивтіден продуктивтіге өту, білімді игерудің шығармашылық деңгейі.

Польшин А.К. мен Жарова Л.В. студенттердің әлеуметтік статусының өзгеруімен, ЖОО білім алудың шарттарының мектеппен салыстырғандағы айырмашылықтарымен, кәсіби білімнің кең ауқымын игеру қажеттілігімен байланысты шамадан тыс ой жұмысын атқарумен анықталатын әлеуметтік-психологиялық факторларды белгілейді. Индивидуалды-психологиялық факторлар тұлғаның қалыптасу процесімен, сонымен бірге тұлғалық реакциялардың индивидуалды-мәнді жағдайларға диапазонының кеңеюімен және әлеуметтенуімен анықталады [5].

Сонымен, бейімделуді көпдеңгейлі процесс дей отыра, біз оның әлеуметтік-психологиялық құрылымын ескеру керек екенбіз.

Жалпы студенттердің бейімделулерін талдай келе, оларды когнитивтік бейімделу (оқу бағдарламасын игерудің жоғары деңгейі, оқу іс-әрекетін игеруі, білім алудағы мәнді қиындықтардың болмауы), тұлғалық бейімделу (студенттің рөлін қабылдауы, эмоционалдық жайсыздықтың болмауы, өзін-өзі бағалаудың адекваттылығы, орынды мазасыздық) және әлеуметтік бейімделу (қатарларының арасындағы жоғары статус, оқу барысындағы жақсы эмоционалдық өзін-өзі сезінуі, қарым-қатынасшылдық, жоо-дағы мінез-құлық нормаларын игеру) деп топтастырсақ болады екен.

Демек, студенттердің оқу процесіне бейімделуінің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу өте өзекті мәселе болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Основы кредитной системы обучения в Казахстане./Под общ.ред. Ж.А. Кулекеева, Г.Н. Гамарника, Б.С. Абдрасилова. - Алматы: 1Казак,. Университеті, 2004.-100с.
2. Ларионова С.А. Социально-психологическая адаптация личности: теоретическая модель и диагностика: монография. – Белгород, 2002. – 200 с.
3. З.Реан А.А. К проблеме социальной адаптации личности // Вестник СПбГУ. – Сер 6. – 1995. – Вып. 3. – № 20. – С. 74–79.
4. 4.Борисенко, Л.Л. Психолого-педагогические аспекты исследования функциональных состояний студентов / Л. Л. Борисенко / / Вестник Львовского университета, серия "Педагогика", 2009. – Вып. 25. – Ч. 2. – С. 207-215.
5. 5.Польшин, А.К. Психологические особенности адаптации студентов к обучению в ВУЗе / А. К. Польшин, Л. В. Жарова / Вестник Харьковский нац. ун-та, серия "Психология", 2000. – № 483. – С.141-145.